

ҚЫСҚА БІРАҚ МАЗМҰНДЫ ӨМІР СҮРГЕН АҚЫН - ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ

Нуридинов Нурсултан Бакиталиевич

Шыршық Мемлекеттік Педагогика Университеті

Қазақ тілі және әдебиет бағыты I курс студенті

E-mail: na4onur@gmail.com

АННОТАЦИЯ

Тағдыр тауқыметін талай тартқан, өмірінде ауыр күндері көп болған ақындар бірталай. Дегенмен, сондай қиыншылықтарды көрумен бірге қысқа өмір сүрсе де артынын өшпес із қалдырып кете алған ақындардың бірі – Төлеген Айбергенов. Мақалада ақынның қысқа өмірінде жазған өлеңдері және ондағы тақырыптарға толтала кетілген. Ақын Қарақалпақ елінде дүниеге келсе де, Қазақстан республикасында да із қалдырып кете алған.

Кіліт сөздер: Ақын, ащы өмір, өшпес із, арман, қызмет, мақсат, жинақ, қуаныш, ру, дос

ABSTRACT

There are many poets who have suffered many fates and had many difficult days in their lives. However, Tolegen Aibergenov is one of the poets who was able to leave an indelible mark even though he had a short life and saw such difficulties. In the article, the poems written by the poet in his short life and their topics are discussed. Although the poet was born in the country of Karakalpak, he was able to leave a mark in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: A poet, a bitter life, an indelible mark, a dream, a service, a goal, a collection, joy, a tribe, a friend

Кіріспе бөлім: Адамның қанша өмір сүргені емес, қанлай өмір сүргені маңызды. Ақындық дәрежесіне жетуде оңай емес. Бірақ әрекет еткен адамның қолынан келмейтіні жоқ. Өз шығармаларымен халықпен бөлісе отырып, оларды тамсандыру мүмкін. Алайда, халықпен бірге қоса ақын жазушыларды да өзіне тәнті ету көпшіліктің қолынан келе бермейді. Өзінің тумаларымен көпшіліктің жүрегіне кіріп бара алған ақынның бірі – Төлеген Айбергенов.

Негізгі бөлім: Төлеген Айбергенов 1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақ елінің Қонырат деген жерінде дүниеге келген. Жетіру тайпасының Табын руынан шыққан. Жастығы қуаныш пен шаттыққа толы болмаса да, өз алдына

қойған мақсатынан қайтпай, көздеген армандарына әсте-әсте жете алған. Ақынның алдына қойған арманы мен мақсаттары бірталай болатын. 1959 жылы Ташкенттің Низами атындағы педогогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, туған ауылында мұғалімдік қызмет атқарады. 1959-1962 жылдары Қоңырат аудындағы орта мектепте мұғалім, 1962-1965 жылдары Шымкент облысының Сарыағаш ауданындағы кешкі жастар I мектебінде директор. 1965 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет істеді. Айбергеновтың өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан жарияланды. Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан "Жас дәурен" атты топтама жинақта басылды.

Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін, замандастарымыздың рухани сезім байлығын, ізгі тілеу, ақ ниетін жарқырата ашқан, қазақ поэзиясында өзіндік жаңа ырақ, тегеурінді екпін әкелген поэтикалық жыр кітаптары - "Арман сапары" (1963), "Өмірге саяхат" (1965), "Құмдағы мұнаралар" (1968), "Мен саған ғашық едім" (1970), "Аманат" (1975), "Бір тойым бар" (1981), балаларға арналған "Бақшаға саяхат" сурет-кітапшасы (1985) жарық көрді. Сондай-ақ орыс тілінде "Мир созвездья" (1987) деген атпен таңдама-лы өлеңдері аударылып басылды. Айбергеновтың "Ақ ерке, Ақ жайық", "Жаңғырған Маңғыстау", "Қазақстан", "Сені ойладым", "Мені ойла", "Ақ қайындар", "Бір тойым бар", т. б. өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1974, қайтыс болғаннан кейін). 1997 ж. ақынның "Таңдамалы өлеңдер" жинағы мен ол турапы жазылған "Біргемін мен сендермен" атты естелік кітабы жарық көрді.

30 жыл ғана ғұмыр кешіп, қазақ жырының алып бәйтерегіне, мәңгілік мақтанышына айналған ақын Төлеген Айбергеновтің туғанына биыл 85 жыл толды. Алайда ақынның атамекені - Доңызтау өңірі. Ал оның әке-шешесінің қарақалпақ жеріне көшіп баруына өткен ғасырдың басындағы қуғын-сүргіндер себеп болған.

Ақын қай тақырыпта жазса да, салғырт қарамаған, бар жан-тәнімен ақтарыла айтқан. Кішігірім дүниенің өзінен үлкен-үлкен ойлар түйіп, оны шын ақындық шеберлікпен, бейнелі тілмен, сезімтал жүрекпен бейнелей берген. Оның өлеңдерінің қайсысын алып қарасақ та, өмірдің алуан-алуан сырларымен қабысып жатқан нәзік лирика басым болып келеді. Өлеңдерінде өз басының тіршілігімен, өзі арқылы бүкіл елдің, халқының өмірімен, сол сияқты бүкіл адамзаттың арман-мүддесімен біте қайнасып жатады. Ақын бойындағы бар қасиеттер, қуаныш, сағыныш, махаббат, достық, мұң, өмірге деген құштарлық, бәрі де ақынның жеке басын күйттеуден тумайды, бүгінгі дәуірдегі жалпы

адамға, адамзатқа тән шындықтан туады. Осылардың бәрін өлеңіне сыйғыза отырып, ақын заман үнін, жырын бүгінге арнайды, келешек ұрпаққа жеткізеді.

Адамзат тарихында бір ұлы қасиет бар. Бұл – достық. Ендеше, ақынның бір топ өлеңдерінің арасында өркеші биік тұратыны – достық тақырыбы. Бұл тақырып ақын өлеңдерінде көрнекті орын алып, көркемдік шешімін тапқан. Ақын талай адамдармен, талай ұлт өкілдерімен араласып, дәмдес болып, достасып, солардан алған әсерлерін жыр қылып ақ қағазға өрнектеп түсіріп отырған. Дана халқымыз «Досы көпті жау алмайды...» дегендей, ақында бұл тақырыпта мәнді, мазмұнды қалам тебіретіп, жүректен туған жалынды өлеңдер жазды. Ақын «**Жұлдыздар**» өлеңінде:

**Құттықтап жатыр достарым,
Жатырмын сүйіп мен де оны.
Тілекке тілек қосқан үн,
Барады кернеп кеудені – дейді.**

Бұл өлең жолдарынан ақын достарынан дән риза екенін, достарымен бас қосқанда жаны жадырап қалатынын байқасақ, енді «**Қос шектер**» деген өлеңінде:

**Достық деген таусылмайтын қазына,
Көктемеде солып қалар гүл емес.
Қарамайды ол сыйдың көп не азына.**

Нағыз достар тіпті сый да тілемес – дей келіп, шын дос қандай болу керектігін ұқтырмақ болады.

Немесе:

**Көп адамды дос еттім мен сонау аз жасымда,
Бірін жолдан кездестірдім, бірін қырман басында.
Бірі үстінде туыстасты ту ұстаған жарыстың,**

Біреуімен бау ішінде бауыр болып табыстым – дейді. Ақын қамшының сабындай ғана ғұмыр кешсе де, көп адамдармен достасқанын айта келіп, көп достарының арасынан шын дос бола алғандары мен достық деген ұғымға қиянат жасағандарды жан кеудесімен сезіп, сезім мұңына батады. Яғни, ақынның бұл ой-сезімін мына өлең жолдарынан көруімізге болады.

**Біреулері жанын салып сан қатерден қорғады,
Біреулері мендегі үлкен адамдықты қорлады** – дейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (References) :

- 1.Төлеген Айбергенов библиографиясы
- 2.www.wikipedia.org
- 3.www.adebiportal.kz
- 4.www.bilim-all.kz